



# Ақмешіт

9 қаңтар  
сейсенбі  
№3 (2013)  
2024 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



## ОРНЫ БӨЛЕК ОТЫЗ ЖЫЛ

Биыл «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шыққанына 30 жыл толады.

Адамның жарық дүниеге келген күнін алдын ала есіне салып, құттықтауға болмайды деген ұғым бұрын бізде болмаған. Бұл үрдістің сонау батыстан келгені белгілі. Бұрынғы көнеқаз қариялар бір-бірінен жас сұрасып жататын:

– Сенің жасың биыл нешеде?  
– Мен осыдан 80 жыл бұрын Барыс жылы өмірге келіпін. Биыл, міне, жылқы жылы тура сексенге келдім, – деп айтатын қария. Ол кезде кісінің өмірге келген ай-күні айтылмайды екен. Сол жыл – сол кісінің жарық дүниеге келген «туған күні» болып есептелген.

Сондай-ақ осыдан 30 жыл бұрын, 1994-ші ИТ жылы аймағымызда алғашқы болып танымдық, ақпараттық, жарнамалық басылым, бүгінде қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет «Ақмешіт апталығы» жарыққа шықты. Бұл сол жылғы сәуір айының 15-ші жұлдызы болатын. Міне, биыл Ұлу жылы оған да отыз жыл болады. Сол кезде газеттің жарыққа шығуына себепші болып, негізін қалаған және газеттің бас редакторы болған облыстық тіл басқармасының басшысы, белгілі жазушы-журналист, қарымды қаламгер Әділхан Айтмағамбетұлы Бәймен болатын. 1944-ші мезгіл жылы өмірге келген аяулы азамат Әдекеннің өзі болғанда биыл Ұлу жылы 80 жасқа толар еді-ау, «апталықтың» ардақты ақсақалы арамызда болар еді-ау...

1994-ші жылы газеттің іргетасын қалауға ақылдастар алқасының төрағасы Нұрділда Уәлиев бастаған белгілі қаламгерлер: Ахат Жанаев, Әскербек Рахымбекұлы, Қазі Данабаев, Оразбек Максұтов, Қазақстанға еңбегі сіңірген өнер қайраткері, атақты қылқалам шебері Қайырбай Зәкіров, журналистика әлеміне жаңа қадам басқан талантты жастар: Аманжол Сақыпұлы, Дүйсенбек Аяшұлы, Әділ Ботпанов, әріп теруші Гүлжахан Жүсіпова және тағы басқа белгілі тұлғалар ерекше еңбек етті. Кейін редакция іргелі ұжым болып, жас журналистер қатары толығы түсті. Жалпы газеттің алғашқы жарыққа шығу тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігі жайлы 2021 жылы «Тұмар» баспасынан «Сыр журналистикасының тарихы» атты жарық көрген бес томдық құнды кітаптың екінші томы 289-332 беттер аралығында толық мәлімет берілген.

Мен де кезінде газеттің әзіл-оспақ сын-сықақ бетіне материалдарымды беріп, автор ретінде жиі араласып жүрдім. Бірде бас редактор Әдекен мені штапка енгізіп, газеттің соңғы «Қуақы» бетінің жауапкершілігін маған жүктеді. Ол кезде Аманжол бастаған жас журналистер Әдекеннің тәжірибесінен тәлім алып, өз алдына отау тігіп, «Халық» газетін шығара бастаған кезі болатын. Біз ол кезде қаладағы Скотков көшесі бойындағы «БТИ» ғимаратының жоғарғы қабатында едік. Сол кезде Нұржан Оспанов, Ғалым Уәлиев, Сабырхан Сейітбекұлы, Бибайша Алпысбаева, Айгүл Нұрманова, Жазира Кенжетілеу, теруші Гүлжахан Жүсіпова, есепші Қаламқас Кенесариева, фототілші Талғат Дәужігітов және Әдекеннің қызы Ғалия сияқты жас қарымды қаламгерлермен қызметтес болдым. Алдымызда ақылды ағамыз Ахат Жанаев болды. Әдекен маған аса кең бір бөлмені беріп, сыртқы есігіне «Сатира бөлімінің меңгерушісі» деп аты-жөнімді жазып, ілдіріп қойды. Ол бөлме тым кең болатын. Мен көбіне бас редактордың іс бөлмесінде болдым. Кейін сол бөлмеге «Халық» газеті редакциясының тілшілері отырды.

Мынау шағын мақалаға редакция ұжымының атқарған қыруар қызметтері мен аты-жөндерін көрсету мүмкін болмады. Қаламгерлер өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, қызметтерін адал атқаруда. Бүгінде Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті үш мыңнан аса таралыммен аптасына екі рет жарық көреді. Бас редактор Әзіз Батырбековтің басшылығымен тілшілер қауымы тындырымды қызмет атқаруда. Қала мен даладағы көптеген оң жетістіктер тілшілер назарынан тыс қалған емес.

### Жетістікті жазды талай қаламың

Жазушы – журналист, қарымды қаламгер, ұлағатты ұстаз, ұлт жанашыры, биыл жарыққа шыққанына 30 жыл толғалы тұрған қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің негізін қалаған, газеттің бас редакторы болған ардақты да аяулы азамат Әділхан Айтмағамбетұлы Бәйменнің рухына арнау.

Інін едім ізіне ерген артынан,  
Сұңғақ бойың сымдай елі тартылған.  
Пейілің дархан, жаның жайсаң жан едің,  
Көз алдымда сенің аға, нар тұлған.

Тіршілігің қадағалап даланың,  
Тынысын да қалт жібермей қаланың,  
Қоғамдағы өзгеріс пен өзге де,  
Жетістікті жазды талай қаламың...

Әлеуметтік ел жағдайы алдағы,  
Тіліміз де назардан тыс қалмады,  
Түрлі істердің тәуелсіздік тұсында,  
Сол кездері «ауыр болды салмағы».

Басқа ойды тал бойынан тастаған,  
Жазуды олар жаңа ғана бастаған,  
Талантты жас шәкірттерің тәлім ап,  
Шыңға сонау қанат қакты жас қалам...

Есімізде қиындықты жеңгенің,  
Өз-өзіңді қаламыңмен емдедің,  
Ерлер сені алда талай еске алып,  
Жазып әлі жарық көрер еңбегің...

Қазыбек ӘШПРБЕКҰЛЫ  
ардагер

# ОҢ ЖАҚ РУЛЬДІ АВТОКӨЛІК: ШЕКТЕУ БОЛҒАН ДҰРЫС ПА?

Елімізге оң рульді көліктерді әкелуге тыйым салынды. Әрине, бұл – уақытша шектеу. Бұған индустрия және құрылыс министрінің бұйрығы себеп болып отыр.



Анығырақ жазар болсақ, индустрия және құрылыс министрінің өткен жылдың 29 желтоқсанындағы бұйрығымен Қазақстанға 6 ай мерзімге оң рульді көліктерді әкелуге тыйым салынған.

Тиісті ведомствоның дерегіне сүйенсек, бұйрық «Сауда қызметін реттеу туралы» заңның 17 және 18-баптарына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 29 және 47-баптарына сәйкес қабылданған.

Нақты қандай көлікке тыйым салынатынын айтар болсақ, ел аумағына оң жақ рульді бөлшектелген жеңіл автокөліктерді алты ай мерзімге дейін әкелуге тыйым салынып отыр. Біз сөз еткен бұйрық «Қазақстанның нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі стандартты бақылау банк» порталына жарияланған. Бұйрық осы жылдың 16 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Негізі оң жақ рульді автокөліктерге байланысты шешілмеген түйін көп. Оның үстіне біздегі жол

қозғалысы ережесі де бұл типтегі автокөліктерге сәйкес келмейді. Бірақ солай екен деп көлігінің рулі оң жақтағы жүргізушілер машинасының үйіне қаңтарып қойып жатқан жоқ. Көлігімен қалаған жеріне барады. Түптеп келгенде Қазақстанда 2007 жылдан бері оң рульді көліктерді тіркеуге тыйым салынған. Әйтсе де оларды пайдалануға тыйым салынбаған. Оның үстіне сол жақ рульді көліктерге қарағанда бағасы да арзандау болып келеді. Адамдардың оң жақ рульді көлікті алуының бірден-бір себебі – осы.

Мақаланы жазу барысында көлік жүргізушілерімен сөйлескен едік. Әсет Серімов есімді азамат тыйым салғанды, шектеу қойғанды құптамайтынын жеткізді.

– Негізі шектеу қойған дұрыс емес. Бұл біздің конституциялық құқығымызды шектеу деген сөз. Рулі қай жақта орналасса да айдайтын адам өзі біледі ғой. Оң жақ рульді көліктердің бағасы да қолжетімді. Оң жақты рульді көлік айдайтындардың кесірінен жол апаты көп болады дейтіндер де бар. Рулі сол жақтағы

көліктер апатқа ұшырамайды деп кім айтты. Бәрі рульдегі адамның өзіне, жауапкершілігіне байланысты. Қайта ережеге өзгеріс енгізіп, заңды қатаңдатып, жылдамдықты тым қатты асырғандарды жазалау керек. Мүмкін, сонда бұл мәселе шешілер, – деді ол бізбен әңгімесінде.

Өзін Ғабит Құрманбекұлы деп таныстырған қала тұрғыны министрліктің бұл шешімін қолдап отыр.

– Баяғыда тыйым салу керек еді. Оң жақ рульді автокөліктермен жүру қиын. Біздегі жол ережесіне де сай келмейді. Бағасы арзан деп, алатындар көбейді. Мұндай көліктердің бағасын сол жақ рульді машиналармен теңестірсе, мәселе өздігінен шешілер еді. Жалпы министрліктің бұл шешімін қолдаймын, – деді Ғабит Құрманбекұлы ағынан жарылып.

Тұрғындар арасында министрліктің шешімін қолдайтындар да, шектеуді құп көрмейтіндер де бар.

А.АҚЫЛБЕК

## ТАЛСУАТТА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ



Қызылорда қаласына қарасты Талсуат ауылында 150 орынға лайықталған жаңа клуб ашылды. Мәдени нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев сынды Парламент депутаттары қатысты.



Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, мәдениет саласындағы бойынша жұмыстарға тоқталды.

– Өңірде мәдениет пен спорт саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай келетін орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Келесі жылы ел игілігіне табысталады. «Самұрық қазына траст» қорымен бірге құны 2,7 млрд теңге болатын үстел теннис орталығының құрылысын бастаймыз. Аудандарда 2 млрд 600 млн теңгеге 11 дене шынықтыру

кешені салынууда. Оның 8-і тапсырылды, қалғаны жақын күндері пайдалануға беріледі. Биыл балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынады. Қазір демеушілер есебінен жоба-сметалық құжаттары әзірленуде, – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Бақытбек Алпысбаев жерлестерін құттықтады. Жаңа клубтың ашылу салтанатында бірқатар азамат облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Айта кетейік, аймақта 150 орындық төрт клуб жаңадан са-

лынып, пайдалануға берілуде. Қызылорда қаласында отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүрді дәріптейтін «Анаға тағзым», «Отбасы» орталықтары қызметін бастады. Облыс әкімінің баспасөз қызметі тартқан ақпаратқа сүйенсек, мың орындық «Өнер» орталығының құрылысы жуырда аяқталып, пайдалануға берілмек. Бұдан бөлек 7 ауданда салтанат сарайы, кітапхана, музей, архив және жастар, ардагерлер мен аналар бас қосатын «Руханият» орталықтары салынады деген де жоспар бар.

А.БЕК

Быттыр қалада біраз жұмыс атқарылды. Нәтижелі жұмыс биыл да жалғасы биыл да жалғасады. Қала әкімі Асылбек Шөменов шаһардағы бірнеше нысанды аралап, жұмыс барысымен танысып, нақты тапсырма берді.

## ҮЙЛЕР ЖАҢАРЫП, КӨШЕЛЕР КЕҢЕЙЕДІ



2-БЕТТЕ



## ЕЛГЕ ҮЛГІЛІ ЕМХАНА

3-БЕТТЕ



## АЛЛО, 109 ТЫҢДАП ТҮР...

4-БЕТТЕ



# ҮЙЛЕР ЖАҢАРЫП, КӨШЕЛЕР КЕҢЕЙЕДІ

## Яссауи көшесі қайта түрленеді

Қалалық қоғамдық даму бөлімінің мәліметі бойынша, биыл облыс әкімінің қолдауымен қалада ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Соның бірі – Қожа Ахмет Яссауи көшесін қайта жаңғырту. Яғни ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақты болып кеңейтіледі. Жау жүргіншілер жолы түсіп, толығымен жарықтандырылады. Жоба құны – 3 млрд теңге. Бұл жұмыстардың басталуына республикалық бюджеттен 300 млн теңге бөлініп отыр.

Мамандардың айтуынша, жоспар бойынша қайта жаңғырту жұмысы күз айларына дейін аяқталуы тиіс. Мердігер мекеме – «Қыран» ЖШС бүгінде дайындық шараларын бастап та кеткен. Маңызы зор жобаның жай-жапсарымен танысқан қала әкімі компания өкілдеріне құрылысқа қажетті материалдардың сапалы, атқарылатын жұмыстардың тиісінше болуын тапсырып, жауапты сала жетекшілеріне күнделікті бақылап отыруды міндеттеді. Айта кету керек, қайта жаңғыртудан өтетін көшенің бойын абағандыруға қосымша жоба әзірленуде.

## Жаңа көше салынады

Бұл жаңа көше қос даңғылды байланыстырмақ. Яғни Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейінгі аралыққа да жол түседі. Жобаның мақсаты – қала орталығында көлік кептелістерін азайтып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау. Жоба құны – 570 млн теңге.

Осыған байланысты облыс әкімінің қолдауымен республикалық бюджеттен 200 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыс басталды. Көше екі жолақтыға лайықталған, жарықтандыру мен жау жүргіншілер жолы қатар жүргізіледі. Мердігер мекеме «Қыран» ЖШС жобаны қыркүйек айында аяқтауды жоспарлауда.

Биыл қала көшелерін кеңейтіп, жөндеу жұмысы қолға алынады. Басты талап – әрбір көше бойынша атқарылған жұмыс барысын сапалы жасау, уақытылы аяқтау, – деп тапсырды қала басшысы.

Ескеретін жайт, жаңа жолды жобалау барысында көше бойындағы тұрғын үйлер мен нысандарға кедергі келтірмеу, тұрғындарға қолайсыздық туындап аяқталуына жүйелі түрдегі зертделген.

Облыс әкімінің тікелей қолдауымен халықтың сұранысына сай мақсатты жобалар сәтті жүзеге асуда. Сондай маңызды жұмыстардың бірі – Е.Көшербаев көшесінде де атқарылады. Яғни Бейбарыс Сұлтан көшесі мен Астана даңғылының аралығын байланыстыратын Е.Көшербаев көшесі 4 жолаққа кеңейтіліп, аяқсу жүйелері ауыстырылады. Жарық шамдары жаңаланып, жаяу жүргіншілер жолы түседі. Жоба құны – 434,4 млн теңге. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 133,2 млн теңге бөлініп отыр.

Қайта жаңғырту жұмысы наурыз айында басталады. Әзірге дайындық шаралары пысықталуда. Жобаның жай-күйімен танысқан қала әкімі мердігер мекеме басшысына жұмыстардың өз мерзімінде және сапалы аяқталуына күш салу керектігін тапсырды. Өз кезегінде компания басшылығы игілікті істі атқаруға сақадат сай екендігін жеткізді.

## Жаппасбай батыр көшесі жаңа кейіпке енеді

Облыс әкімінің қолдауымен қалаға кіреберіс барлық күре жол кеңейтіліп, көлік қозғалысын реттеу қолға алынады. Осындай маңызды жобаның бірі – Жаппасбай батыр көшесін қайта жаңғырту. Осыған орай 3,2 млрд теңгеге жоба әзірленіп, республикалық бюджетке ұсынылады.

Жолдың аспалы көпірден бастап, Қорқыт ата көшесіне дейінгі аралығы 3,3 шақырымды құрайды. Жоба бойынша көше 4 жолаққа ауыстырылады. Сонымен қатар жарықтандырылып, жаңа аялдамалар орнатылып, заманауи бағдарламалар қойылады.

Бұл орайда қала әкімі көшенің екі бетінде көпқабатты тұрғын үйлер мен білім беру ұйымдарының орналасуына байланысты балалардың жолдан өту қауіпсіздігіне баса назар аударып, жобалаушы мекеме «КБ Мұнай Инжиниринг» компаниясының жетекшілеріне жобаны қайта қарауды тапсырды.

## «Қызылорда-Құмкөл» автожолы кеңейеді

Бұған дейін «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясының теңгерімінде болған «Қызылорда-Құмкөл» автожолы қаланың енісіне өткені белгілі. Осыған орай аймақ басшысының бастамасымен, демеушілердің көмегімен үлкен жолды қайта жаңғыртуға арнайы жоба әзірленуде.

Аспалы көпірден бастап Жезқазған тас жолына дейінгі аралығы 11 шақырымды құрайтын жолды қайта жаңғырту жобасы жақын күндері басталады. Құны 2,4 млрд теңгеге құрайтын жол 4 жолақтыға айналады. Сонымен бірге Бәйтерек тұрғын ауданымен шектесетін көше киілісті, аспалы көпір де жаңаланады.

Қала әкімі жобалаушы компанияға бұл жолдың халық үшін маңызын ескеріп, жобалау барысында кемшіліктерге жол бермеуді тапсырды.

## Көлік қозғалысы реттеледі

Облыс әкімінің тікелей қолдауымен халықтың сұранысына сай мақсатты жобалар сәтті жүзеге асуда. Сондай маңызды жұмыстардың бірі – Е.Көшербаев көшесінде де атқарылады. Яғни Бейбарыс Сұлтан көшесі мен Астана даңғылының аралығын байланыстыратын Е.Көшербаев көшесі 4 жолаққа кеңейтіліп, аяқсу жүйелері ауыстырылады. Жарық шамдары жаңаланып, жаяу жүргіншілер жолы түседі. Жоба құны – 434,4 млн теңге. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 133,2 млн теңге бөлініп отыр.

Қайта жаңғырту жұмысы наурыз айында басталады. Әзірге дайындық шаралары пысықталуда. Жобаның жай-күйімен танысқан қала әкімі мердігер мекеме басшысына жұмыстардың өз мерзімінде және сапалы аяқталуына күш салу керектігін тапсырды. Өз кезегінде компания басшылығы игілікті істі атқаруға сақадат сай екендігін жеткізді.

## Үйлер әрленеді

Қаладағы көшелерді аралаған қала әкімінің келесі нысаны көпқабатты үйлер болды. Өткен жылы облыс әкімінің бастамасымен қолға алынған көпқабатты үйлердің қасбеттерін панельдермен қаптау жұмысы биыл да жалғасуда. Игілікті іске облыстық бюджеттен 500 млн теңге бөлініп, көпқабатты 16 тұрғын үйдің қасбетін жаңалау жүргізілуде.

Қала әкімі қаптау жұмыстарының жүруін көру мақсатында А.Байтұрсынов көшесінің бойындағы №40 үйге барды. Бұл үйдің қасбетін «Даренстрой» ЖШС қолға алған.

Шаһар басшысы компания басшыларына қажетті құрылыс материалдарының жеткілікті алынуына және оның сапасы жоғары болуына мән беру керектігін айтып, қаптау жұмыстарын мерзімінде аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар мердігердің халық алдында жауапты екендігін ескертті.

## Теміржол қақпасы қайта жаңаруда

Аралату барысында қала әкімі Асылбек Шаменов қайта жаңғыртудан өткен теміржол вокзалына да барды. Еске салсақ, тарихи ғимаратты қайта жаңғыртуға облыс әкімі бастама көтеріп, «Қазақстан темір жолы» компаниясымен келіссөздер жүргізу арқылы 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге бөлінді.

Жобаға сәйкес, ғимараттың сыртқы бетіне травертин плиталарын монтаждау, шатырын, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустарды, суағарды, су, көріз және жылу жүйелерін жөндеу, қала жақ бетін қаландандыру жұмыстары жүргізілді. Ішкі бөлмелерін жөндеу қолға алынды. Мұнан бөлек, 2 жолаушылар платформасына жаңадан асфальт төселіп, төрт көзді жарық шамдар орнатылды.

Екінші ғимарат та ерекше кейіпке еніп, әкімшілік ғимаратының сырты әрленді, 200 шаршы метр шатыры жөндеді. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен перрон және автотұрақ асфальтталып, жарық шамдар қойылды. Оған қоса вокзал маңындағы нысанның сыртқы қасбеті қапталды. Ал қазіргі уақытта перрон аумағына брусчатка төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Қала әкімі мердігер мекеменің жұмысшыларына жөндеу жұмысын сапалы жүргізу керектігін айтып, вокзал басшылығына күнделікті бақылау жұмыстарын күшейтуді жүктеді.

## Қызылорда – таза қала

Бүгінде «Қызылорда тазалығы» мекемесі қаланың тазалығын қамтамасыз етуге жүйелі жұмыстарды атқарып келеді. Өткен жылы аталған мекемеге облыс әкімінің қолдауымен 20 арнайы техника алынды. Оған облыстық бюджеттен 742,8 млн теңге бөлінді.

Қажетті техникалармен жаратқан серіктестік қызметкерлері тәулік бойы тазалық шараларын жүргізіп, халықтың ықпалына бөленуде. Шаһар басшысы қаланы аралау барысында тазалықшылармен кездесіп, қала тазалығы үшін тер төккен еңбеккерлердің жұмысына сәттілік тіледі.

Қала әкімі мекеме басшысына тазалық жұмыстарын кезекшілік кестесіне сәйкес толық атқарып, техникалардың үздіксіз жұмыс істеуін және оларды жанар-жағармаймен қамтамасыз етуді, қажетті шараларды үйлестіруді тапсырды.

## ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Бірнеше нысанды аралаған шаһар басшысы қала әкімінің орынбасары Галымжан Еркебай мен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысына нақты тапсырмалар жүктеді. Әрбір атқарылатын жұмыс сапалы әрі уақытылы аяқталу керектігін баса айтты.

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

Жаңа жылдың алғашқы жұмыс аптасында Сенат депутаттары Ақмарал Әлназарова, Руслан Рүстемов, ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері Мұрат Ерғешбаев пен Мұрат Әбенов Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келді.

# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ЕЛГЕ КЕЛДІ

Иссапардың мақсаты – тұрғындармен кездесіп, оларды толғандырған мәселелерді шешу жолдарын талқылау, партияның халыққа берген уәдделерінің, сайлауалды бағдарламаның орындалу барысынан хабардар ету. Фракция мүшелері түрлі сала өкілдерімен, еңбек ұжымдарымен Қызылорда қаласында, Сырдария, Жалағаш аудандарында кездесу өткізді.

Сенатор Ақмарал Әлназарова медициналық алғашқы көмек көрсету ұйымдары басшыларымен денсаулық саласындағы мәселелерді талқылады. Жиналыста тұрғындардың алғашқы медициналық-санитариялық көмек алуын бекіту, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, жедел медициналық көмектің 4 санаттағы шақыртулары, қаржыландыру секілді түйінді түйткілдер көтеріліп, олардың шешу жолдары қарастырылды.



Сапар барысында Р.Рүстемов, А.Әлназарова және М.Ерғешбаев сырдариялық спортшылармен кездесті. Кездесу күрделі жөндеуден өткен аудандық спорт клубында өтті. 1976 жылы салынған ғимаратқа былтыр «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 88,9 млн теңге қаражат бөлініп, жөндеу кездесу жүргізілген. Қазір клубта 792 адам спорттың 9 түрін жаттығады.

Кездесуге спортшылар, жаттықтырушылар және сала ардагерлері қатысты.



Депутаттар Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізілген конституциялық реформаларды, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды, Парламент қабырғасында талқылауға жатқан заң жобаларын таныстырды. Спортты дамытуға бағытталған басымдықтарды атап өтті. Өз кезегінде жергілікті спорт қауымдастығының өкілдері ауылдағы спорт нұсқаушыларына төленетін жалақының төмендігін айтты. Депутаттар бұл ретте қалыптасқан жүйелі кедергілерді түзетін және спорт министрінің назарына жеткізіп, шешу жолдарын бірге қарастыруға мүдделі екенін білдірді.

Мұнан бөлек, халық қалаулылары Сырдария ауданына барып, денсаулық сақтау саласы өкілдерімен кездесті. Сала қызметкерлері кадр дайындау мәселесіне байланысты ұсыныстарын жеткізді. Атап айтқанда, ауылдық жерден шыққан мамандардың интернаттарда тегін оқуына квота қарастыру керек. Депутаттар бұған байланысты тиісті сауалдар қолданып отыр атап өтті.

Жалпы өңірде денсаулық сақтау саласында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Халықтың сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру мақсатында елді мекендерде 15 дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Биыл облыс бюджетінің басым бөлігі әлеуметтік салаға бағытталды. Оның ішінде денсаулық саласына 138 млрд 600 млн теңгеден астам қаржы бөлінді.

Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов «Қызылорда-Жезқазған» жолын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Автожолдың Қызылорда облысына қарасты бөлігі 204 шақырым, ол 6 лотқа бөлінген. Техникалық-экономикалық негіздеме сәйкес, Қызылорда қаласының айнала жолы I б санатты, 4 жолақты, 14,6 шақырым. 12-216 шақырым аралығы II санатты, 2 жолақты. Жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығы техникалары мен үй жануарларына арналған өткелдер, су арналарына өтетін көпірлер, көпфункционалды аралық бақылау өлшеуін аркалар, заманауи жылы дөрет-ханалар мен демалыс алаңдары толық қарастырылған.

Фракция мүшесі мониторинг барысында сала өкілдері, мердігер мекеме қызметкерлерімен кездесті. Мұрат Әбеновтің Қызылорда қаласындағы жұмыс сапары қалалық жылу-электр орталығында жалғасты. Мұнда жаңа жылу-электр орталығының құрылысымен

және қаланы ыстық сумен қамту жобасымен танысты. 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға берілетін ЖЭО қаланың жылу және электр қажеттілігін толық қамтамасыз етіп ғана қоймай, артылған электр энергиясын басқа өңірлерге сатуға мүмкіндік береді.

Қазіргі қолданыстағы орталық 1964 жылы салынған. Бірнеше рет күрделі жөндеу жүргізілгеніне қарамастан, стратегиялық нысанның негізгі және қосалқы

қондырғыларының тозу деңгейі 90 пайызға жеткен. Былтыр Энергетика министрлігі тұркіялық «Акса Enerji Uretim AS» компаниясымен Қызылорда қаласында жаңа бу-газ қондырғысын орнату жөнінде келісім-шартқа қол қойды. Шетелдік инвестиция есебінен салынатын жаңа ЖЭО 240 МВт электр қуатын өндіре алады. Жобаның болжамды құны – 215 миллиард теңге. 2023 жылдың 24 қазанында іргетасы қаланды.

Иссапар барысында мәжілісменге Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту жобасы таныстырылды. Бүгінде облыс орталығындағы 781 үйдің 6-уы ыстық су жүйесіне қосылған, тағы 174 үйді қосуға мүмкіндік бар, 423 үйді қосуға қаржы қажет, 184 үйді қосуға мүмкіндік жоқ екені анықталды. Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлер 7 аймаққа бөлініп, әр аймаққа жобалаушы ұйым бекітілді. Ыстық су қосу мүмкіндігі бар көпқабатты тұрғын үйлерге жоба-сметалық құжаттар әзірленуде.

Сонымен қатар халық қалаулысы Мұрат Әбенов Қызылорда қаласындағы темірбетон бұйымдарын өндіру зауытының жұмысын көрді. Заманауи құрылғылармен жабдықталған зауытта құрылысқа қажет бетон бұйымдардың барлық түрі жасалады. Мұнда тәулігіне 200 м3 темірбетон бұйымдары шығарылады. Өндіріс орынында екі ауысыммен 100 адам тұрақты жұмыс істейді. Тауарлар ішкі нарықты толықтай қамтуда.

«Ақмешіт-ақпарат»







Бүгінгі технология дамыған қай елде болсын, жарық пен су мәселесі назардан тыс қалған емес. Иә, адамзат баласына ең әуелі керекі де осы дүниелер екені анық. Жарық болмаса қаншама жұмыс та тоқтап қалары сөзсіз. Жалпы жарық мәселесі – тек біздің өңірде емес, елімізде күн тәртібінен түспейтін өзіндік проблеманың бірі.

Қызылорданың желі айтпаса да түсінікті. Сырт көзге аласапыран дауыл болып көрінетін табиғат құбылысына өзіміз үйренгенбіз. Жел тұрса, жарықтың «жалпы» ете қалуы жиі кездеседі. Былтыр желтоқсан айының орта тұсында ауа райы қолайсыздығынан бұл жағдай тағы қайталанды. Тіпті қаланың кей жерінде күн райы тынық болса да жарық болмай қалып жатады.

Соңғы кездері жұртшылықтың жанайқайына айналған елді мекендердің жарықпен жабықталуын жақсарту бағытында облыста қолға алынған жұмыстар аз емес. Бірақ сонда да болса әлі де жарықтың жиі сөну мәселесі бар. Демек, мәселе толыққанды шешілген жоқ деген сөз.

**ЖЕЛ БОЛСА, ЖАРЫҚ ТАҒЫ СӨНЕ МЕ?**



### Тозығы жеткен желілер жөнделді ме?

Бүгінгі күні тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етіп отырған электр желілерімен қосалқы станциялары өткен ғасырдың 1970-1980-жылдары салынып, тозу деңгейі 2023 жылы 68%-ға жеткен. Сонымен қатар шет аймақтарда 250 шақырым тұрғындар өз күштерімен ағаш бағаналар орнатып, тартып алған. Олар талапқа сай емес электр желілері болып есептеледі. Қатты желді, дауылды күндері ағаш бағаналары құлап, апаттық жағдайлардың орын алуының бір себебі осы.

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ мамандарының мәліметіне сүйенсек, алдын ала есептеулер бойынша электр желілерінің тозу деңгейін 30%-ға дейін төмендету үшін 153 млрд теңге қаражат қажет. Дегенмен жыл сайын энергетика саласына көңіл бөлініп, рет-ретімен қайта жаңғырту жұмысы жүргізіледі.

### МИНИСТР МӘЛІМДЕДІ

2024 жылы Қазақстанда коммуналдық тарифтер 15-30 пайызға қымбаттайды. Бұл туралы Мәжіліс құлауында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров мәлімдеді.

– Коммуналдық тарифтер әр өңір, нысан, инфрақұрылымның тозуына байланысты әртүрлі қымбаттайды. Баға 15-30 пайыз көтеріледі, – деді министр.

Қуантыровтың айтуынша, осы жылы электр энергиясы, газ, су, кәріз бен жылуудың бағасы кезең-кезеңімен қымбаттайды. Айна кетейік, былтыр жазда электр қуаты, су мен жылу бағасы қымбаттады. Тарифтің қымбаттауы себебі министр осы саладағы мамандардың жалақысын көтерумен байланыстырған еді. Одан бөлек, Қазақстанның бірнеше өңірінде жылу электр станциялары, жылу желілері мен сумен жабдықтау жүйелері 80 пайызға тозып тұр. Қуантыров оның барлығын жаңарту керектігін алға тартты.

Демек, жыл басынан бастап тұтынушыларды жаңа баға күтіп тұр.

Былтыр облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен 10/0,4кВ электр желілерін қайта жаңғырту жұмысы үшін облыстық бюджеттен 1,6 млрд теңге қаражат бөлінді. Оған бірталай жұмыс атқарылды. Бұл қаржыға 35 қосалқы станциясын заманауи типті қосалқы станциясына ауыстыру қолға алынды. Сонымен қатар 32 шақырым кабель желісі жаңғыртылып, 27 дана кірпіштен қаланған қосалқы станция гимаратына күрделі жөндеу жүргізілді.

Оған қоса авариялық жел-дел-бригадалық тобының жұмыс істеуіне қолайлы авариялық ақау болған жағдайда тез жетугін қамтамасыз ететін 16 автокөлік

алынды. Сондай-ақ электр желілері мен қондырғыларына сапалы қызмет көрсету мақсатында 9 арнайы техникасын сатып алу мақсатында облыстық бюджеттен 743 млн теңге бөлініп, біршама жұмыс жүзеге асты. Аталған жұмыстардың барлығы қазіргі күні аяқталып, апаттық жағдайлар саны бірнеше есеге төмендеді.

### Биылға қандай жоспар?

2024 жылға облыстық бюджеттен 1,5 млрд теңге қаражат қарастырылып, қала орталығындағы және Шанхай, Әл-Фараби, Қорқыт ата шағын аудандарындағы электр желілерімен қосалқы станцияларын қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарланады.

Сонымен қатар қаланың шет аймақтарындағы тұрғындардың ағаш бағаналар орнатып, өздері тартқан электр желілерін талапқа сай тарту мақсатында, 2023 жылы қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысымен Әл-Фараби, Арай, СПМК-70 шағын аудандарында жаңадан электр желілерін тарту жұмысы жүргізілсе, биыл да бұл шара қолға алынбақ.

Яғни Қызылжарма ауылында 67 көшеге, Жас Алаш, Теректі, Сарысу көшелеріне жобалар дайындалып, құрылыс-монтаж жұмыстарын жалғастыру жоспарда бар. Айтпақшы, қазіргі күні қаланың орталық аймағындағы электр желілерін тарту жұмысы жүргізілсе, биыл да бұл шара қолға алынбақ.

### ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Сыр елінің желді, дауылды ауа райына тұрғындары сыр бермей келеді, яғни үйренген. Алайда үйде жарық біршама уақытқа сөнсе, тірілік тоқтап, үлкен-кішінің мазасы қашатыны рас. Айналып келгенде жарықсыз күн жоқ.

Осындайда бала кездегі «арқашан күн сөнбесін» деген өлең жолы еріксіз еске түсетіні секілді, арқашан жарығымыз сөнбесін, оқырман!



Бірде үйде жарық сөніп қалды. Содан бірден майшамды қолға алудың орнына телефонды ала салып, 109 желісіне қоңырау шалдым.

– Саламатсыз ба, сіз 109 Call орталығына қоңырау шалдыңыз, – деп автоматты түрде жауап берді. Содан соң операторға қосты. Мәдениетті түрде амандасқан операторға:

– Біз жақта жарық сөніп қалды. Себебін білуге бола ма, қашан қосылады екен? – деп сұрай бастадым. Мекен жайымды сұрағаннан кейін мән-жайын айтып түсіндірді.

– Қошеңіздің бойында авариялық жағдай болған. Біз тиісті орынға хабарластық, – деген жауап алдым. Артына жарық жанды. Шыны керек, өзім бұл орталықтың жұмысына риза болдым.



## АЛЛО, 109 ТЫҢДАП ТҰР...

Күнделікті күйбең тірлік арасында өзіміз мысал еткендей, тұрмыстық мәселе туындап жатады ғой. Қаланы айтпағанда бір ғана үйдің өзінде су тоқтап, жарық өшсе, жылу болмай қалса, бірден абыржи қалатынымыз белгілі. Қоқыс жылыны, оны уақтылы алмаса да қоныраулатып, шағым жасауға бейімбіз.

### ҚАЙДА ҚОҢЫРАУ ШАЛАСЫЗ?

2020 жылдан бастап, қалада 109 бірінғай нөмірі арқылы коммуналдық мәселелер бойынша қала тұрғындарының өтінімдерін қабылдайтын «жедел әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызмет атқарып келеді. Ал былтырдан бері облысқа қарасты аудандар толығымен қосылды.

Негізі орталық екі бағыт бойынша жұмыс істейді. 109 байланыс қызметі – коммуналдық саланы, 112 желісі шұғыл қызметтерді қабылдап отырады. Яғни 101, 102, 103 желілері қосылып, бір жүйе 112 байланысына біріктірілген. Бұл бірінғай жүйенің мониторингі шақырушы тұлғаның мекен-жайын көрсетуге, орналасқан жерге жақын экипажды автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар өтініш берушіге келудің тиімді картасын, жолын ұсынады. Осы жобаны іске асырудың экономикалық тиімділігі бір терезе қағидаты бойынша жедел қызметтерді шақыруды ұйымдастыру және шақыруларды қабылдау мен өңдеу уақытын 30% қысқартуды көздейді.

Оған қоса 109 бірінғай байланыс орталығының да жұмысы қарқынды жүреді. Бұл жүйе арқылы қаланың инфрақұрылымына қызмет көрсету үдерісіне тартылған барлық коммуналдық қызметтерді: жылу, электр, сумен жабдықтау, су бұру, қоқыс, люктер, жол шұңқырлары, қоғамдық мәселелері біріктіріледі. Тұрғындардан келіп түсетін барлық өтінімді қабылдаған оператор жүйеге енгізеді. Содан соң оны автоматты түрде осы мәселені шешуі тиіс ұйымға жолдайды. Жұмыс осылай жүзеге асады.

### 109 БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

109 қызметі 24/7 жұмыс жерімізде жұмыс істейді. Яғни үзіліссіз, демалысыз, тіпті мереке күндері де демалу дегенді білмейді, мұндағы қызметкерлер. Қазіргі күні орталықта барлығы 28 қызметкер 4 ауысыммен халыққа қызмет етеді. Олар үздіксіз, әсіресе жергілікті тұрғындардан келетін қоныраулар легіне 24 сағат бойы салмақпен түрде жауап береді. Операторлардың еңбегі бұл.

Сонымен қатар орталық тұрғындардың өтінім жібере алатын немесе жағдайды егжей-тегжейлі сипаттай алатын құралдар ауқымы кеңейтілген. Олар: «komek – 109» мобильді қосымшасы (AppStore/ Playmarket) және WhatsApp (+77717000109), Telegram-bot (@kyzylorda109\_user\_bot), Instagram (kuzylorda\_109), Facebook (Жедел әрекет орталығы) әлеуметтік желілер арқылы өтінім бере алады.

### БІР НӨМІРМЕН БІРНЕШЕ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕСІЗ

Өткен жылы 109 қызметі облыстық сайлау комиссиясының бірінғай Call орталығы болып бекітілді. Smart City жобалары аясында Қызылорда облысында orda.kz порталы 2023 жылдың 20 қыркүйектен бері іске қосылып,

портал (irda.kz) көмегімен жеке және заңды тұлғаларға 83 бағыт бойынша (Қызылорда су жүйесі, Қызылорда тазалығы, Энергосервис, Қызылорда электржүйесі, «ҚЭТТҚ» АҚ, Қызылорда жылу орталығы) қызмет көрсетуде.

Бұрын тұрғындар кем дегенде 24 коммуналдық не авариялық қызмет орындарына хабарласатын. Ал қазір олай емес. Бір ғана 109 нөмірін теріп, туындаған мәселені асықпай түсіндіруге болады. Тек нақты айтсаңыз болды. Әрі қарай жұмысты орталық

### КОММУНАЛДЫҚ САЛАДАҒЫ САНДАР

Коммуналдық салаға қатысты жылдық есеп аясында келіп-түскен өтініштер:

- су жүйесі қызметі бойынша – 25409;
- жылу жүйесі қызметі бойынша – 10158;
- тұрғын үй қызметі бойынша – 7052;
- электрмен жабдықтау қызметі бойынша – 77126;
- көше жарығы қызметі бойынша – 2690;
- ветеринарлық қызмет бойынша – 1995;
- табиғи газ қызметі бойынша – 1963;
- қала тазалығы бойынша – 1456;
- қоғамдық көлік қызметі бойынша – 1354;
- телекоммуникация қызметі бойынша – 170;
- анықтамалық түрдегі 35937 хабарлама келіп түсті. Өздерінің байқағандай, жарық мәселесіне байланысты өтініштің көп түскені белгілі.

мамандары атқарады. Рас, әр мекемеге жеке-жеке шығып, қоныраулатын қажеті болмай қалды.

– Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және қалалық инфрақұрылымды дамыту мақсатында 109 қызметі жүйесі әзірленіп енгізілген. Соның арқасында қаладағы тыныс-тіршіліктің барлық мәселелері бойынша, оның ішінде тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, табиғи газ, көпқабатты үйлердің жылу жайы және тағы да басқа мәселелерді 109 қысқа нөміріне хабарласуға болады. Әрбір тұрғын өзін толғандырған мәселесін операторға нақты түсіндіріп өтуі тиіс.

Бүгінгі күні байланыс орталығы бірнеше мекеменен тығыз байланыста. Орталықтың басты артықшылығы – көптеген мәселелерді қашықтан шешеді. Инспектор-операторлар халықтан өтінімдерді тәулік бойы қабылдап, тиісті мекемеге жолдайды, орындауын қадағалап, тұрғынмен кері байланыс орнатады. Тұрғындар 109 нөміріне қонырау шалу арқылы өзінің тұрмыстық өтініштерін жеткізе алады, – деді орталық директоры Руслан Бүркітбаев.

### МАМАНДАРЫ МЫҚТЫ

Орталық қызметін әдейі барып көрген адам жылдам көмек көрсетудің тамаша үлгісін байқар еді. Мұндағы қызметкерлерге демалыс деген жоқ, тәуліктің жеті күнінде сіздің қонырауға жауап беруге әзір.

– Кейде қонырау барысында кеңес сұраушылар да кездеседі. Мұндайда операторлар қолдан келгенше тиісті орындар арқылы көмек көрсетеді. Біз хабарлама түскеннен

кейін оның орындалған не орындалмағанын да анықтаймыз. Мысалы, үйден су кеткен жағдайда тиісті мамандар барып оны жөндесе, тұрғынның өзі де қонырау шалып, алғысын айтатын кездер де болады.

Сонымен бірге фотоға түсіріп, біздің +7771700109 WhatsApp желісіне суреттерін жібереді. Өзіміз де бақылауға алып, тиісті мекемеге де, тұрғынға да шығып, мән-жайды анықтаймыз, – деді орталық директоры.

Расымен, орталық жылдам қызмет көрсетудің үлгісін танытып-ақ отыр. Оған қоса ауа райы қолайсыз болып, қар қалып түскенде, жаңбырлы күннің арты мұздаққа айналып, жол қатынасы қиындағанда да байланысқандар қапы қалмайды. Операторлар көмек көрсетуші құзырлы орындарға қоңырау соғып, жедел түрде шешім табуға жәрдемдесіп отыр.

### ШЫДАМСЫЗ ТҰРҒЫНДАР ДА БАР

Арасында кейбір тұрғындар шыдамсыздық танытып, қайта-қайта телефон шалатын кездер жиі болатын көрінеді. Мұндайда ашу үстінде артық сөз де айтылатыны белгілі. Бұған орталық операторлары асқан сабырлықпен жауап беріп отырады. Сондай-ақ әр қоныраудағы диалог телефон жадында сақталып, тіркелген уақыты бойынша қайта тыңдауға да мүмкіндік бар. Бұл тұрғындар тарапынан сенімсіздік болған жағдайда немесе операторлар қоңырау шалған әр адаммен дөрекі сөйлесе, дәлел бола алады.

Сонымен қатар 109 бірінғай байланыс орталығының функциясы өтінішті қалдырмай телефон арқылы ғана емес, барлық әлеуметтік желілер, яғни қалта телефонмен де қабылдайды. Әрі бұл қоныраудың барлығы тегін. Сондай-ақ сіз аса қиын жағдайда қалып, уялы байланыс тым әлісіз не мүлде жоқ жерде

109 нөмірін терсеңіз, сіздің нақты мекен-жайыңыз бірден анықталып, соған жақын жердегі құтқарушы құзырлы орынға хабар беріледі. Ғарыштық желінің осы қызық қасиетімен білген орталық адам өміріндегі қауіп-қатерлерге тосқауыл болып отыр.

### ЖАҢА ЖЫЛ ТҮНІ ТЫНЫШ ӨТПІ

Орталық мамандарының айтуынша, 109 қызметіне 2023 жылдың 31 желтоқсан мен 1 қаңтар аралығында облыс бойынша барлығы 165482 өтінім келіп түсті. 2020 жылы – 95595 өтінім, 2021 жылы – 151250 өтінім, 2022 жылдың есебі бойынша барлығы 109061 өтінім тіркелген. Түптігіне өтініштерді қабылдау мен тіркеудің орташа статистикалық саны – 454 өтінімді құрап отыр. Коммуналдық салаға қатысты апатты жағдайлар орын алғанда 3000 дейін өтінім саны артады. Ал жаңа жылдағы мереке күндері ешқандай төтенше жағдай болмаған. Яғни мерекелік түн тыныш өткен.

109 бірінғай байланыс орталығы қызметіндегі мақсаттарының бірі – тұрғындардың мәселелерін шешуде нақты бағдар беру. Осы күндері орталықтағы атқарылған жұмыстар оң нәтижесін беруде.

Бетті дайындаған Ақтолық НҰРЛЫБАЙ Суреттер ашық дереккөздерден алынды

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (шікі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (шікі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (шікі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (шікі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Т.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баста үйі, ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2926 Тапсырыс №38  
Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолық НҰРЛЫБАЙ